**Әдістемелік кеңес №3**

**«Білім беру үдерісін жаңғырту бұл педагогтар мен оқушылардың қабілеттіліктерін дамыту факторы және оның субъектісі болуы».**

**Модернизация образовательного процесса как фактор развития способностей учащихся и педагогов и становление их субъектности».**

«Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі басты тұлға-мұғалім»

Стронг

**Цель:** тұлғаның субъектілік позициясын дамыту үшін оқу мен оқытуға жаңа амалдарды енгізу /рассмотреть вопрос о внедрении новых подходов в преподавании и обучении для развития субъектной позиции личности.

**Задачи:**

Определение путей повышения эффективности и качества уроков, направленного на повышение качества ЗУН;

Вычленение сопряжения деятельности педагогов по поиску эффективных форм и методов организации учебно-воспитательного процесса, совершенствования его содержания и глобальных изменений в системе образования РК.

Обсуждение и изучение методических рекомендаций МОН РК, направленных на обновлённие содержания образования учителей.

«Модернизация» ұғымы Батыс әлеуметтануында әлеуметтік – саяси, жалпы қоғамдық даму мінездемесі ретінде қолданылады. Яғни модернизация термині жинақталған мағынада қолданылады. Біріншіден, ол қазіргі индустриалдық қоғамның даму сатыларының түрлерін, екіншіден, дамушы мемлекеттердің ұлттық дамудың өндірістік дамуға көшу процесін айқындайды.

**Модерниза́ция** — **это**: Обновление объекта, приведение его в соответствие с новыми требованиями и нормами, техническими условиями, показателями качества.

Педагогикалық Білім тұжырымдамасында «мұғалім өз пәнін міндетті түрде терең білуге тиісті, сонымен қатар оқу үдерісіне қатысатын мүмкіндіктердің өз орнын біліп, оны уақытында бағыттап, нәтижеге жетелеп, дер кезінде түзетулер енгізе алатын құзыретті тұлға болуы керек» делінген. Олай болса 12 жылдық мектептің педагогы өзін жоғары деңгейде қалыптастырудың бірнеше құзыреттілігін игеруге міндетті.

1. Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби қызметтен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет.
2. Әлеуметтік құзыреттілік бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті (ұжыммен, топпен), қызмет ету, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білу.
3. Білім беру құзыреттілігі – білім беру қызметінде кәсіби ілімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде субъектілік пен креативтіліктің дамуына ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Еліміздің 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуі – ұлттық білім беру жүйесін жаңаша сипатта, дүниежүзілік білім беру орталықтарының озық тәжірибелерін пайдалана отырып, білім сапасын арттыру және білікті, саналы, шығармашылық ұрпақ тәрбиелеуді көздеген заман талабы. Ендеше, 12 жылдық мектептің мұғалімі қандай болуы керек ?

- қазіргі заманғы педагогикалық ғылымның өзгерістерін, жеке тұлғаға бағытталған технологияны толық меңгерген;
- өз мамандығының әлеуметтік ортадағы ролін түсінген;
- оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, жеке даму ерекшелігін білетін;
- ұйымдастырушылық қабілеті жоғары;
- танымдық қызығушылығы мен жұмысқа деген ынтасы жоғары;
- сөйлеу мәдениеті жоғары және өз ойын ауызша да жазбаша да толық, мәдениетті жеткізе алатын;
- оқу-тәрбие үрдісінде педагогика ғылымының жаңа тенденцияларын пайдалана алатын;
- оқыту барысында оқушылардың өздік жұмыс жасауына жағдай жасай алатын;
- оқу үрдісінің нәтижелі болуына әртүрлі әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалана алатын;
- оқушылардың алған білімдерінің диагностикасы мен мониторингін жүргізе алатын;
- жоғары деңгейде компьютерлік және ақпараттық сауатты;
- оқушылардың өздігінен дамуына, білім алуына, өзін-өзі бағалауына жағдай жасай алатын болуы керек.

**Бастауыш сынып мұғалімдеріне:**

Қолайлы білім беру кеңістігін құруға кәсіптік қызметті бағыттау үшін:

- командалық және жеке жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін негіз ретінде кіші жастағы балалардың жас ерекшелігін ескере отырып  зерттеу, талдау және ақпаратты интерпретациялауды дамыту;
- қоғам және табиғат, адам туралы пропедевтикалық білімдерін қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту;
- функционалдық оқу дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өзінің ойын логикалық негізде айту, себеп-салдар байланыстарын анықтау.
- әрбір баланың жеке дамуын қолдау міндетті кезең ретінде күнделікті оқыту үдерісінде формативті бағалауды қамтамасыз ете отырып, оқыту нәтижесін бағалауды іске асыру.

**Жаратылыстану-математикалық циклдың пән мұғалімдеріне:**

Кәсіби қызметті:

- ақпаратты есте сақтаудан бастап, оны меңгеріп, жете түсіну және ол білімді әртүрлі мәнмәтінде қолдана білуге білімді меңгеру үдерісін өзгерту үшін негіз жасайтын, оқушылардың жаратылыстану ғылыми және математикалық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға;
- «Жобалық қызмет» пәнін де және осы циклдің басқа пәндерін де оқу барысында оқушылардың жобалық қызметінің негізі ретінде жоспарлау, әрекетті орындау, талдау, бағалау дағдыларын дамытуға;
- 5-11 сыныптар оқушыларының АКТ біліктілік дағдыларын жетілдіруге ықпал ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды жасауға бағыттау.

Оқыту мақсаттарына қол жеткізу деңгейлерін анықтағанда соңғы нәтижені ғана емес, оқушылардың жұмысты орындау үдерісінде жасаған амалдары мен әрекеттері де негізгі көрсеткіш ретінде есептелсін.

**Қоғамдық гуманитарлық циклдер мұғалімдеріне:**
Білім беру мазмұнын жаңарту кезеңінде тілдік қызмет дағдыларын дамытуға назар аудару үшін:

- оқытудың 4 дағдысының анық тепе-теңдігін ұстану: тыңдау, айту, оқу, жазу;
- оқу кезеңінен идеяларды бейнелеу кезеңіне және ары қарай – жазба тілге дейінгі оқытудың біріздiлiгiн жүзеге асыру;
- үш тілде оқытудың коммуникативті дағдыларын дамытуды қолдау.



«Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»

*Н.Ә.Назарбаев.*

# Білім беру мазмұнын жүйелі жаңарту жағдайында сапалы біліммен қамтамасыз ету


12 жылдық мекеп оқушысының моделі
ҚР 12 жылдық білім беру стандартына сай білімдермен қаруланған
Қажетті білім негіздерін игеріп, білік-дағдысы қалыптасқан
Өмірлік көзқарасы, құндылық қасиеттері қалыптасқан
Алған білімдерін өздігінше жүзеге асыра алатын
Бәсекеге қабілетті
Өскелең өмір талаптарына сай бейімделген
Өз бетінше жоспарлап, шешім қабылдай алатын
Өмірдегі өз орнын тауып, өздігінше дами алатын тұлға

# Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері



- Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі



- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;



- бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі



- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;



- оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;



- білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;



- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;



- оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

MyShared